# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

## «Алматы қаласында мамандандырылған қаржылық сот құру туралы»

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағына, 10-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушылардың азаматтық-құқықтық дауларын қарауға уәкілетті, облыстық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржылық сот құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы осы Жарлыққа сәйкес құрылған соттың төрағасы мен судьяларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу жөнінде заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына осы соттың кадр құрамы жөнінде ұсыныстарды табыс етсін.

3. Алматы қаласының әкімі осы Жарлыққа сәйкес құрылатын сотқа 2006 жылғы 1 қыркүйекке дейін ғимарат бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі комитеті 2006 жылғы 1 қазанға дейін осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

5. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат; 2000 ж., № 54, 593-құжат; 2001 ж., № 1-2, 2-құжат; № 4-5, 43-құжат; 2002 ж., № 26, 272-құжат; № 45, 445-құжат; 2003 ж., № 12, 130-құжат; № 16, 160-құжат; 2004 ж., № 13, 166-құжат; № 21, 267-құжат; № 27, 344-құжат; № 48, 590-құжат; 2005 ж., № 16, 189-құжат; № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; № 49, 623-құжат; 2006 ж., № 7, 50-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада:

«Облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілер» деген жолда «2335» деген цифрлар «2337» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Облыстық және оларға теңестірілген соттар» деген жолда «1470» және «572» деген цифрлар «1492» және «579» деген цифрлармен ауыстырылсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**
**Президенті** **Н. Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2006 жылғы тамызданың 17-і
№ 158